

2011 жылғы егіс жұмыстардың басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімдерін белгілеу туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Тасқала ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 15 шілдедегі № 152 қаулысы. Батыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2011 жылғы 4 тамызда № 7-11-146 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Тасқала ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 30 желтоқсандағы № 355 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Тасқала ауданы әкімдігінің 2011.12.30 № 355 Қаулысымен

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 10 наурыздағы "Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы" Заңына сәйкес, Тасқала ауданындағы ведомствоаралық комиссия жиналысының 2011 жылғы 25 наурыздағы № 1 хаттамасы негізінде аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруға жататын өсімдік шаруашылығы өнімінің түрлері бойынша табиғи-климаттық аймақтар бөлігіндегі аудан аумағында 2011 жылғы егіс жұмыстардың басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімдері қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. "Тасқала ауданының кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі қолданыстағы заңнамаларға сәйкес осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды алсын.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі және 2011 жылғы 1 мамырдан бастап туындаған құқықтық қатынастарға т а р а т ы л а д ы .

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Қ. Мусинге жүктелсін.

Аудан әкімі	Ө. Мырзағалиев	
Т а с қ а л а	а у д а н ы	ә к і м д і г і н і ң
2 0 1 1	ж ы л ғ ы	1 5
№ 152 қаулысына қосымша		ш і л д е д е г і

Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруға жататын өсімдік шаруашылығы өнімінің түрлері бойынша табиғи-климаттық аймақтар бөлігіндегі

аудан аумағында 2011 жылғы егіс жұмыстардың басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімдері

№	Өсімдік шаруашылығы өнімдерінің түрлері	Оңтайлы мерзімдері	
		басталуы	аяқталуы
құрғақ дала аймағы			
1	Жаздық бидай	1 мамыр	10 маусым
2	Арпа	1 мамыр	1 маусым
3	Тары	10 мамыр	10 маусым
4	Күнбағыс	10 мамыр	10 маусым
5	Күздік бидай	10 тамыз	10 қыркүйек

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК